



Жүктің орауышына және таңбалануына қойылатын талаптар

Әуе көлігімен тасымалданатын жүк тасымалдау кезінде сенімді байлау мүмкіндігін, жүктің сақталуын қамтамасыз ететін, жолаушыларға, экипажға және әуе кемесіне, сонымен қатар жүкпен бірге тасымалданатын багажға және басқа жүкке зиян келтірмейтіндей дұрыс ыдысы және орауышы болуы керек.

Ыдыс немесе жүк орауышының сыртқы беті таза болуы керек, үшкір бұрыштары, шығыңқы жерлері және басқалары болмауы тиіс, ол әуе кемесінің және оның жабдығының, багаждың және басқа жүктің зақымдануына немесе ластануына алып келуі мүмкін. Жарияланған құндылығымен тасымалдауға өткізілген ыдыс немесе жүк орауышын (азаматтардың жеке мүлкінен басқа) жүк жөнелтуші пломбабалауы тиіс. Пломбада стандартты, цифрлық немесе әріптік белгілерінің айқын бедерлері болуы тиіс.